

«Бекітемін»

ҚР БҒМ вице-министрі

Буханбердиева Э.А.

2017 ж.



**Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша  
қазақ әдебиеті пәнінен тест спецификациясы**

Құжат Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Жалпы білім беру ұйымдарына білім беретін пәндердің оқу бағдарламасына және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2014–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары негізінде Ұлттық тестілеу орталығында 2013-жылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалауға арналған тест тапсырмалары базасы қалыптастырылды.

**1. Мақсаты:** 9-сынып оқушыларының қазақ әдебиеті пәні бойынша дайындық деңгейі мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасқандығын бағалау.

**2. Тест мазмұны.** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 21, екінші деңгейде – 12, үшінші деңгейде – 7 тапсырма.

Қазақ әдебиеті пәні бойынша тест тапсырмалары Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалған оқу бағдарламасына сай құрастырылған.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Ежелгі дәуір әдебиеті	01	Ежелгі дәуір әдебиеті	01	Көне түркі дәуіріндегі әдебиет «Алып Ер Тоңа» дастаны, «Күлтегін жазуы» «Қорқыт ата кітабы» «Оғыз қаған» жыры
				02	Ислам дәуіріндегі әдебиет Әбунасыр әл-Фараби, Ахмет Йүгінеки, Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашғари, Рабғузи, Сайф Сараи
02	Ауыз әдебиеті	01	Ауыз әдебиеті - А	01	Тұрмыс-салт жырлары
				02	Ертегілер
				03	Мақал-мәтел, жұмбақтар
				04	Аңыздар, әпсаналар (діни әңгімелер)
				05	Шешендік сөздер
		02	Ауыз әдебиеті - Ә	01	Батырлар жыры. «Алпамыс батыр»
				02	«Қобыланды батыр»
				03	«Қамбар батыр»
				04	Лирика-эпостық жырлар. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»
				05	«Қыз Жібек»
03	XV – XVIII ғғ. әдебиеті	01	Жыраулар поэзиясы	01	Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет
				02	Жиёмбет, Ақтамберді, Шалкиіз жырау
				03	Үмбетей, Шал ақын, Бұхар жырау
04	XIX ғасырдағы әдебиет	01	XIX ғ. I жартысындағы әдебиет	01	Махамбет Өтемісұлы
				02	Сүйінбай Аронұлы, Дулат, Шортанбай Қанайұлы, Нысанбай жырау
		02	XIX ғ. II жартысындағы ағартушылар	01	Ыбырай Алтынсарин. Өмірі, шығармашылығы

		03	Абай Құнанбайұлы	01	Өмірі, өлеңдері
				02	Поэмалары мен қарасөздері
05	XX ғ. I жартысындағы әдебиет	01	XX ғ. басындағы әдебиет	01	Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, С. Дөнентаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров
06	Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет	01	Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет	01	Қ. Аманжолов, Ж. Жабаев
				02	С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов
		02	Мұхтар Әуезов	01	Өмірі, шығармашылығы, 20-30 ж. әңгімелері
				02	«Абай жолы» роман-эпопеясы
07	XX ғ. II жартысындағы әдебиет	01	XX ғ. II жартысындағы поэзия	01	М. Мақатаев, Қ. Мырзалиев; Т. Молдағалиев, Ф. Оңғарсынова, Ж. Молдағалиев, М. Әлімбаев
				02	О. Сүлейменов, М. Шаханов, Ж. Нәжімеденов, Т. Айбергенов, Х. Ерғалиев, Қ. Бекхожин, К. Ахметова
		02	XX ғ. II жартысындағы проза мен драматургия	01	І. Есенберлин, Ә. Нұрпейісов, Т. Ахтанов, М. Мағауин, Д. Исабеков, Қ. Ысқақов, А. Сейдімбеков, Қ. Әбдіқадыров
				02	О. Бөкей, Қ. Жұмаділов, Б. Соқпақбаев, Ә. Кекілбаев, Ш. Мұртаза, С. Мұратбеков, Т. Әлімқұлов, С. Жүнісов, С. Сарғасқаев
08	Әдебиет теориясы	01	Көркемдегіш, бейнелеуші құралдар	01	Троп және оның түрлері
				02	Фигура және оның түрлері
				03	Өлең құрылымы, ұйқасы

### 3. Тест жоспары:

Ежелгі дәуір әдебиеті – 5 тапсырма

Ауыз әдебиеті – 7 тапсырма

XV – XVIII ғ. әдебиеті – 5 тапсырма

XIX ғасырдағы әдебиет – 5 тапсырма

XX ғ. I жартысындағы әдебиет – 6 тапсырма

Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет – 4 тапсырма

XX ғ. II жартысындағы әдебиет – 5 тапсырма

Әдебиет теориясы – 3 тапсырма

### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Оқу бағдарламасы бойынша оқушылар қазақ әдебиеті курсынан меңгеруі тиіс:

1) халық ауыз әдебиетінің үлгілері, туындының тектік, жанрлық сипаты, әдебиет және фольклор туралы жалпы ұғымдарды анықтау, қазақ ауыз әдебиетінің басты жанрларының (тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер, эпостық жырлар, лиро-эпостық жырлар) негізгі белгілері;

2) ежелгі дәуір әдебиеті, XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы, XIX-XX ғасырлардағы қазақтың классикалық әдебиеті, қазіргі кезең әдебиетінің үлгілерін, шетел әдебиетінің жекелеген үздік туындыларын зерделеу;

3) халық ауыз әдебиеті, XIX-XX ғасыр әдебиетінің үлгілерін, жанрларын талдай білу, көркем шығарманың негізгі мазмұнын, идеялық-тақырыптық мәнін айқындай алу, көркем шығармадағы негізгі ойды, авторлық ұстанымды анықтай білу, көркем шығармадағы оқиғаға, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне өз көзқарасын білдіре алу;

4) көркем шығармаға қатысты тақырып, идея, сюжет, композиция, көркем бейне, типтік образ, әдеби мінез, көркем бейнелеу құралдары секілді ұғымдарды білуі, олардың көркем туындыдағы қызметін танып, талдай алу.

**5. Тапсырмалар формасы:**

Тест бір дұрыс жауапты (берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау) 25 тапсырмадан және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты 15 тапсырмадан тұрады.

**6. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:**

Дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Дұрыс орындалған бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 2 балл, бір қате үшін – 1 балл, екі және одан да көп қате үшін – 0 балл алады. Толық тест бойынша максималды балл – 55.

**ҰТО директоры**



**Р. Әлімқұлов**